

УДК 17.035.3:94(47)

МРНТИ 03.01.06

DOI 10. 56525/KOYD4112

Л.Н. ГУМИЛЕВТИҢ ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫНЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

Калменова Б. Т.

Астана медицина университеті, Астана қ., Қазақстан

e-mail: bakhytgul.kalmenova@bk.ru

Аннотация: XX-ғасырдағы көрнекті орыс ғалымы және ойшылы Л.Н.Гумилевтің өмірі ең маңызды фактілерге толы. Л.Н. Гумилев «этногенез» ұғымының әлеуметтік-философиялық аспектілерін зерттеуге көңіл бөледі. Онда Л.Н.Гумилевтің жалпы алғанда іргелі этникалық деп санаған тарих философиясының мәселелерін түсіндіреді.

XX ғасырдағы ғылым контекстінде нақтыланған. Лев Гумилев назар аударғаны атап өтілген этнос құбылысын бастапқы (негізгі) ұғым ретінде пайдалана отырып, этногенез процесінің мәнін, себептерін, механизмін, кезеңдерін ашуды көздейді. Этногенездің бүкіл процесін түсіндіру үшін ғалым ұсынған орталық идея оның пассионарлық концепциясы болды. Көптеген кедергілер мен қиындықтарға, сондай-ақ Лев Николаевичтің жаңа идеяларын ұзақ уақыт бойы білмеуіне және басып-жаншуына қарамастан, ғалымның ғылыми-философиялық тұжырымдамалары кеңестік дәуірден кейінгі кезеңде ел ішінде де, шетелде де зерттеушілер мен кеңірек ғылыми қоғамдастық тарапынан мойындалды.

ГУЛАГ-та болған жылдары Л.Н.Гумилев бірнеше ғылыми мақалалар мен екі монографияның қолжазбаларын алып келді, олардың бірі «VI-VIII ғасырлардағы көне түркілер» атты оның тарих ғылымынан докторлық диссертациясына айналды, ол оны 1961 жылы үздік қорғады. Ғылыми зерттеуге қосқан үлкен үлесі оның түркі-моңғол мәдениетінің түпнұсқалылығы мен маңызы туралы концепцияның түбегейлі жаңашылдығы болды. Ол кеңестік ғылымда бірінші болып сол кездегі еуроцентристік моңғол-татар қамыты мен көшпелілер мен егіншілер арасындағы мәңгілік араздық туралы үстемдік еткен «қара аңызды» сынады. Осының негізінде Гумилев орыс халқының түркі және моңғол халықтарымен табиғи бауырластығының көрнекі тұжырымдамасын талдады. Түптеп келгенде, ғалымның ойлары шетелдегі орыс философиялық ойының еуразиялық ағымына жақын болып қана қоймай, шын мәнінде осы мектептің соңғы классикалық өкілі болды.

Түйін сөздер: этнос; этногенез туралы түсінік; құмарлық; тарих философиясы; этникалық тарих; тарихи материализм.

Кіріспе. Лев Николаевич Гумилев көрнекті орыс ғалымы, тарихты тереңінен зерттеп, этнографияға өз үлесін тигізген, пассионарлық теорияның негізін қалаған жан. Оның зерттеушілік тұжырымдамасы түрлі саланы қамтып, еңбектері жан – жақты жаңалықтарды жаршылайды. Бірнеше бағыт дегеніміз, тарих, философия, этнография, психология, география шеңберінде жұмыс жасап, барлығын тамаша біріктіруді сәтті жүзеге асыра алған адам. Оның бұл қабілеті ерекше дарын иесі екендігін аңғартып, озық білімге ие екендігін дәлелдеп тұрғандай. Бұл ерекшелік ғалымға өзінің септігін тигізіп, елеулі еңбек етуіне негіз болды. Нәтижесінде этногенездің өзіндік пассионарлық теориясын жасаған жан, талай жылдарға азық болатын мол мұраны соңына қалдырып кетті.

Жоғарыдағы қасиеттердің бәрі тек білімнің арқасы екені айдан анық. Лев Гумилев туралы тарихи деректерге назар аударатын болсақ, азаматтың кішкентай кезден білімге ерекше ден қойғандығын айқын аңғарамыз. Әкесі, Николай Гумилев баласының білім алуына бар жағдай жасап, үнемі біліктілігін арттыруды көздейді. Осының арқасында Лев Николаевич кітапқа ерекше құмар болып өскен. Жеті жасынан бастап өз еркімен әріп танып, оқуды үйреніп, еш қиындықсыз мәтіндерді біріктіруді білетін болған. Оның алғашқы сүйікті

авторлары Жюль Верн, Майн Рид, Александр Дюма, Уолтер Скотт, Гюстав Аймар болды. Дәл осы авторлардың шығармаларын сүйіп оқуының арқасында тарихи шығармаларға ерекше қызығушылық танытып, құштарлығы арта бастады. Осылайша оқуға деген құмарлық өмірлік мақсатқа айналды.

Болашақ танымал философ және тарихшы Санкт-Петербургте Ресейде монархия құламас бұрын дүниеге келген. Әкесі мен анасы - белгілі ақындар Николай Гумилев пен Анна Ахматова. Бұл, әрине, Лев Николаевичтің тағдырына да, шығармашылығына да айтарлықтай әсер етті. Олай дейтін себебіміз, Николай Гумилев 1921 жылы контрреволюциялық әрекеттері үшін атылса, Анна Ахматова 1946 жылы мемлекеттік идеолог, КСРО-ның инквизиторы атанған Ждановтың қанқұйлы баяндамасына ілігіп, шығармашылығына ресми түрде тыйым салынады. Әке мен шеше үшін баласының да күйетін заманы Лев Николаевичтің де басына төнеді. Мәскеудің “Лефортовы” мен Ленинградтың “Крестінде” атылу жазасына кесілгендердің сапында болып, онан соң Беломорканал, Норильск, Кузбасс, Саян, Қарағанды түрмелері мен лагерьлерінде өмірін өткереді [1].

Қоғам өміріндегі саяси-әлеуметтік сілкіністер мен жүйелік алмасулардың өлара кезеңі Лев Николаевичтің өміріне әсер етпей қоймады. Үш рет жауапқа тартылып, 13 жыл өмірін түрмеде өткеріп, лагерьдегі жылдар арасында II дүниежүзілік соғысқа тап болып, туған қаласы Ленинградқа 1956 жылы оралғанда Лев Николаевич 44 жаста еді. “Алғаш рет – 1935 жылы “өзімнің албырттығымнан , екінші рет – 1938 жылы “әкем үшін”, үшінші рет – 1948 жылы “шешем үшін” сотталдым”, – деген болатын ол өзінің бір естелігінде.

Тағы да бірнеше тұтқындаудан өтіп, 10 жылдан астам лагерьлерде өткен аласапыран жылдарда жүріп білімін толықтырады. Ленинград мемлекеттік университетін тәмамдап, тарих ғылымдарының докторы және профессоры атанады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Әдебиеттерге шолу әдісі арқылы Гумилевтың тұжырымдамаларына талдау жасалынады. Гумилевтың, оның мұраларын зерттеушілердің деректік материалдарын талдау арқылы шолу жасалынады.

Л.Н.Гумилев өмірінің басым бөлігін Батыс пен Шығыс мәдениетінің өз – ара байланысы мен орта ғасырдағы тарихын зерттеуге арнады. Алғашқы көлемді еңбектерінің бірі «Политическая история первого тюркского каганата» болатын. Аталмыш диссертациялық жұмысты қорғау барысында өзін үздік қырынан танытқан Лев Гумилев, өзге де ғалымдар тарапынан ыстық ықыласқа бөленді. Байқағанымыздай, түріктердің түп тамырын зерттеу, оның ең негізгі алғышарттарының бірі болған. Тырнақалды туындыларынан кейін тұтқында жүрсе де «Хунну» атты кітабын жарыққа шығарады. Кейін ол «Степная трилогия» кітабының бір бөлігіне айналды. Оған қоса, Лев Николаевичтің «Поиски вымешленного царства», «Древние тюрки» атты еңбектері де бар.

Лев Гумилев қалдырған ғылыми мұраның ең танымалы - этногенез және пассионарлық теориясы. Бұл тақырыптарға арналған алғашқы мақаланы ол 1970 жылы жариялады. Гумилев пассионарлықты адамның белгілі бір мақсатқа жетуге ұмтылысындағы аса күшті белсенділігі екендігін алға тартты. Тарихшы бұл құбылысты этностардың қалыптасуы туралы ілімге енгізді.

Лев Гумилевтің теориясы халықтың аман қалуы мен табыстылығы ондағы пассионарлардың санына байланысты екенін көрсетті. Ғалым бұл тұжырымдаманы жалғыз фактор деп санаған жоқ, алайда оның этностарды қалыптастыру және бәсекелестердің ығыстыруы процесіндегі маңыздылығы жоғары екендігін баса айтты.

Гумилевтің тарих ғылымына қосқан негізгі үлесі «Древняя Русь и Великая степь» мақаласы болды. Онда IX-XII ғасырлардағы Еуразия этностарының бір – біріне өзара әсерлері қарастырылған. Автордың айтуы бойынша, тарих ұзақ уақыт бойы еуроорталықтандырушылық ұстаныммен бағаланды.

Лев Гумилевтің тарихшы екендігінің тағы бір дәлелі оның ғұндардың, түркілердің, хазар мен моңғолдардың тарихын терең зерттеуінен аңғарамыз. Ол тарихты тарқатып қана қоймады, этногенез теориясын жасап, мол тұжырымдамасын қалдырды.

Л.Н.Гумилевтің қазақ этносының қалыптасуына қатысты жазған ғылыми зерттеулері де бар. «Происхождение казахского этноса» деген еңбегі арқылы біздің елдің тарихы туралы сыр шертілгенін айқын аңғаруға болады.

Аталған дәрісте Л.Н.Гумилев қазақ этносының шығу тарихы тікелей алдыңғы түркі халықтарының этникалық тарихымен байланысты деп жазды. Ғалымқазақ тарихын көне түріктермен, атап айтқанда, ғұндар және Түрік қағанаты тарихымен байланыстыра зерттейді. Сондай – ақ қыпшақ, қаңлы, арғындар мен кимақ, қарлұқ тайпаларының қазақ этногенездегі орны туралы да айтылады. Әрине, Л.Н. Гумилев қазақ этносының қалыптасу тарихын сол кездегі Еуразия Даласындағы тарихи оқиғалармен байланыстыра отырып қарастырады. Мәселен, XIII ғасырдағы Шыңғысхан шапқыншылығы тұсындағы Қазақстан тарихы егжей-тегжейлі берілген. Ғалым моңғолдардың жаулап алу соғысы кезінде Қазақстан территориясына келген тайпалар туралы мағлұмат береді. «Шыңғысханмен Шығыс Сібірден келген қоңыраттар арғын, найман және шығыс қыпшақтармен бірге төрттік одақ – Орта жүзді құрды» [2; 11-18], – деп жазады.

Л.Н. Гумилев қазақ жүздері тайпалық одақтар ретінде алғашқы жүз – Ұлы жүз Жоңғарияда, одан Шығыс Қазақстанда Орта жүз, ал Қазақстанның батысында Кіші жүз құрылғандығын жаза келе, соңғы жүз құрамында ең көп рулар болғандығын айтады. Ғалым мұның себебін былайша түсіндіреді: «түрікмендер қазақтар үміттенген жерлерді басып алған, сондықтан қазақтардың ең жаугер бөлігі түрікмендерді Арал теңізінен оңтүстікке қарай ығыстырған. Осылайша қазақтар өздерін Үстірт, Ембі, Жайық бойында қоныстармен қамтамасыз етті» [2; 16].

Ұлы жүз мекен еткен территория мәселесіне қатысты Ш. Уәлихановтың «Об управлении казаками большого жуза» атты мақаласына тоқталатын болсақ, онда: «Достаточно взглянуть на карту и сообразить соотносительное положение сей страны с сопредельными землями и племенами, достаточно удостовериться, что весь край за рекой Чу до самых вершин гор Кунгей Алатай, Боролдайских и Каратауских занимается кочевьями кайсаков, преимущественно дулатовцами и джалаирами, принадлежащими Большой орде» [3;5] деп, дулат, жалайыр тайпаларының мекен еткен жерлері туралы мәлімет беріледі.

Л.Н. Гумилев Еуразия Даласын мекен еткен қазақ пен орыс халқы арасындағы мінез-құлық ұқсастықтары мен ерекшеліктерін де қарастырған. Ол: «Еуразия континентіндегі біздің – еуразиялықтардың діліміз, дүниетанымымыз ортақ, әсіресе, қазақтар мен орыстар арасында. Мәселен, қазақтар мен қырғыздар бастапқы қарағанда өзара қатты ұқсас көрінеді. Алайда қазақтар сол қырғыздардан гөрі, орыстармен тез тіл табысады. Неге? Жауапты этногенез теориясы береді. Өйткені, қырғыздар Қиыр Шығыстан шыққандар екен, сондықтан олар бізге қарағанда кәріс, қытайлықтар сияқты мүлде өзгеше ділді, бізден өзгешелеу болып келеді. Мысалы, оларда әзіл-қалжың сезімі болмайды. Оларға әзілдеу, демек, ренжіту. Ал, қазақтар орыстар сияқты үнемі оңай әзілдесе алады, тіпті өзін-өзі де сынай алады» [4], – деп ой пайымдайды. Осылайша, Л.Н. Гумилев Еуразия халықтары арасындағы мінез-құлық, діл ортақтастығы мен ерекшеліктеріне де ерекше ден қойған.

Зерттеу нәтижелері. Лев Гумилев бар саналы ғұмырын Еуразияны зерттеуге арнаған. Сол себепті оған еуразиятанушы деген қосалқы ат тағылып, өзіндік қолтаңбасын қалдырған жанға деген ерекше құрмет барлық түркі елдерінде айқын қалыптасқан. П.Н.Савицкиймен жазысхан хаттарынан да, Еуразияға деген ерекше ілтипатын аңғаруға болады. Оған мына жолдар дәлел: «Древние кочевники являются для нас великим примером того, как нужно сражаться и побеждать, защищать себя, сохранять свой быт, свой жизненный уклад, свою самобытность». Ары қарай: «До самого основания обломить Западу рог его высокомерия – вот задача нашего времени. Наука о кочевниках может и должна этому служить...».

Л.Н. Гумилев 1992 жылы берген соңғы сұхбатында өзінің зерттеу нысанына алған аймаққа деген ерекше ілтипатын білдіріп: «Смысл моей жизни отчасти был в том, чтобы восславить и воздать должное кочевым народам Евразии, которых я искренне любил», деген болатын.

Белгілі ғалым өмірінде 200-ге жуық мақала жазып үлгерді, оның үстіне еуразияшылық пен этногенез идеяларын дамыту сияқты инновациялық тақырыптарды қоса алғанда, түрлі жанрлар қамтылған. Л.Н.Гумилев жариялаған монографиялар мен басқа да ғылыми еңбектердің әсерлі санына қарамастан, оның жаңа идеялары мен тұжырымдамалары тек 1960-шы жылдардың соңы мен 1970-жылдардың басында, содан кейін ең алдымен сыни және пікірталас құралдары арқылы ғылыми талдаудың нысанасына айналды. Н.Г.Лагойданың «Лев Гумилевтің ғалымның орасан зор ғылыми-теориялық мұрасының тұжырымдамасының ғылыми бастаулары мен философиялық аспектілеріне» келетін болсақ, ол тек 1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басында арнайы зерттеу нысанына айналды. Ғалымдар, әсіресе этнографтар мен тарихшылар арасындағы оның кейбір идеологиялық қарсыластары тарапынан біржақты сынға ұшыраған.

Лев Николаевич Гумилев ерекше тұлға. Оның еңбектері ғылымда ойып тұрып орын алады. Жазған жаңалық, әкелген дүниелері жетіп артылады. Бастапқыда көпшіліктің қолдауына ие болмаса да, нағыз білімді уақыт өте мойындаушылар қатары көбейіп, әлі күнге дейін еңбектері ел ауызында жүр.

Мәдениет пен ғылымында жарқын із салған атақты пассионарлық теориясын ұсынған философ, тарихшы, географ, археолог және шығыстанушы ғалым ұрпақтарына орасан зор ғылыми мұра қалдырды. Сондай-ақ ол алты тілді еркін меңгерген тілмаш, өлеңдер мен поэмалар жазған ақын, бірнеше жүздеген шығармаларды тәржімалаған аудармашы.

Сонымен бірге, 1970-1990 жылдар аралығында ғалымның ғылыми ой-пікірлері мен еңбектеріне объективті баға беретін көптеген еңбектер жарық көрді. Жалпы, Л.Н.Гумилевтің өміріне, ғылыми еңбегіне, еңбектеріне арналған еңбектердің саны айтарлықтай болды және әлі де артып келеді[5]. Оның шығармашылығы мен ғылымға қосқан үлесі туралы кітаптар ғана емес, әлі де аз, диссертациялар жарық көрді.

Оның 1935 жылы жазылып басталған «Көне түркілер» кітабы тарихи анализ бен синтез әдістерін сабақтастыра отырып дүниеге келген. Көне түркі халықтарының тарихының құбылыстарына және олармен байланысты тайпалардың тарихына талдау жасалынған. Оған дереккөздердің сыны және ономастика мен этногенездің мәселелері де кіреді. Түркілер, көк түркілер мен ұйғырлардың біріккен процесін қайта ой елегінен өткізу де осы кітапта синтезден өткізіледі[6].

Табиғат және әртүрлі табиғи процестер туралы ғылымдарда — ғалым өзін мазалаған сұрақтарға жауаптардың бастауын тапты. Ол 16-20 ғасырлардағы көрнекті философтардың: Ж.Бодиннің, Д.Виконның, Ш.Монтескьенің, Ж.Гердердің, Г.Гегельдің, К.Маркстің, Н.Г.Гегельдің, Я.Гердердің ілімдерінен, лагерьде жүргенде-ақ оның бойында пісіп-жетілген, табиғи факторлардың қоғамдық дамуға елеулі әсері туралы жаңа тұжырымдаманың растауын тапты. Сондай-ақ физиктер мен математиктерден бастап тарихшылар мен этнографтарға дейінгі алуан түрлі мамандықтағы ғалымдардың еңбектерінде де көрініс тапты. Данилевский, В.Дильтей, Г.В.Плеханов, М.Вебер, О.Шпенглер, Б.Рассел, К.Ясперс және т.б., Гумилев өзінің «Этногенез және Жер биосферасы» атты еңбегі ғалымның деректік базасының кеңдігімен таңқалдырады.

Қорытынды. Бүгінгі таңда Л.Н.Гумилевтің көптеген шет тілдеріне аударылған және қайта жарияланған іргелі зерттеулері Ресейде және бүкіл әлемде жақсы танымал. Тізімнің өзі оның ғылыми қызығушылықтарының ерекше кеңдігін және сонымен бірге нағыз ғұламаның табандылығын айғақтайды. Біз тек ең танымал монографияларды атаймыз: Хунну. Мәскеу, 1960; Якинты (Бичурин). Шығыс пен Орталықтың тарихи географиясы бойынша мәліметтер жинағы Азия. Чебоксары, 1960; Бахдам Чубинаның ерлігі. Мәскеу, 1962; Хазарияның ашылуы. Мәскеу, 1966; Ежелгі түріктер. Мәскеу, 1967; Қиялдағы патшалықты іздеу. Мәскеу, 1970; Қытайдағы ғұндар. Мәскеу, 1974; Ескі бурят суреті. Мәскеу, 1975; Этногенез және жер биосферасы. 1–3 мәселелер. Мәскеу, 1979; Ленинград, 1989; Ежелгі Русь және Ұлы дала. Мәскеу, 1989; Тарихи кезеңдегі этнос географиясы. Ленинград, 1990; Құдайдың заңы. Ленинград, 1990; Каспий маңындағы мыңжылдық. Баку, 1991 ж.; Ресейден Ресейге дейін: этникалық тарихтың очерктері. Мәскеу, 1992; Этносфера. Халық тарихы және табиғат тарихы.

Мәскеу, 1993; Еуразия ырғақтары. Мәскеу, 1993; Еуразия тарихынан. Мәскеу, 1993; Қара аңыз. Ұлы даланың достары мен жаулары. Мәскеу, 1994. Өкінішке орай, бұл кітаптардың көпшілігі ғалым қайтыс болғаннан кейін ғана жарық көрді. Қазақстан халқы үшін Лев Гумилевтің орны бөлек. Сол себепті еліміздің тұңғыш президенті Еуразиялық ұлттық университетіне ғалымның атын берген болатын. 2001 жылдың 29 маусымындағы «Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарын қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес университетке Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті атауы берілді.

Л.Н.Гумилевтің өмірбаяны түрлі шытырманға толы, ал шығармашылығы түрлі кедергіге ұшыраған. Соған қарамастан, түрлі танымдық туындылардың дүниеге келуіне ықпал етті. Алға қойған мақсатын орындап, армандарын жүзеге асырды.

«Ғалымның хаты өлмейді» дегендей, бүгінгі таңда әлем бойынша Лев Гумилевтің еңбегі жан – жақты талқыланып, зерттеу нысанына айналған. Бұл ұлы тұлғаның білімге деген зор құлшынысының арқасында жүзеге асқандығы мәлім. Кітаптары том – том болып қайта басылып шығып, қалың оқырман назарына ұсынылуда.

Тарих ешқашан ұмытылмайды. Құмға сіңген судай жоғалмайды, керісінше уақыт өткен сайын қайта жаңғырып, жаңа қоғамға өзгеше қырынан таныла түспек. Гумилев ғасыр жұлдызы.

«Жаңа этнос ландшафтар тоғысында пайда болады» деп тұжырымдады Гумилев. Қазақ этносы да далалы, жазықты және таулы ландшафттар тоғысында дүниеге келді деп көрсетті. Оның тұжырымдамасы бойынша «Алтай, Тарбағатай, Тянь-Шань іргелес жазықтары мен ландшафтында қазақ этносы пайда болған жер болды және осы жерден Еуразияның кең – байтақ даласына, Жайыққа дейін созылды. Этнос ретінде Қазақтар өте әдемі, табиғи бай және жайлы жерден шыққан» [7], – деп жазады Л. Гумилев қазақтардың шығу тарихы жайлы

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://egemen.kz/article/18043-gumilev>
2. Гумилев Л.Н. Происхождение казахского этноса // Евразийство и Казахстан: труды евразийского научного форума «Гумилевские чтения». Том 1. – Астана, 2003. – С. 266.
3. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Табын. II том. Бірінші том. – Алматы: «Алаш», 2006. – 424-б.
4. Гумилев Л.Н. Я молюсь на восточные зори, а о западных только скорблю // Известия, 2001. 28 сентября.
5. Белявский В. А. Этнос в древнем мире // Доклады отделений и комиссий Географического общества СССР. Л., 1967. Вып. 3; Шенников А. А. О понятии «этнографический комплекс» // Доклады отделений и комиссий Географического общества СССР. Л., 1967. Вып. 3;
6. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. «Наука», Москва, 1967. – С. 7.
7. Гумилев Л.Н. Происхождение казахского этноса // Евразийство и Казахстан: труды евразийского научного форума «Гумилевские чтения». Том 1. – Астана, 2003. – С. 266.

REFERENCES:

1. <https://egemen.kz/article/18043-gumilev>
2. Gumilev L.N. Origin of the Kazakh ethnos // Eurasia and Kazakhstan: work of the Eurasian scientific forum "Gumilevskie reading". Volume 1. - Astana, 2003. - S. 266.
3. History of Kazakh tribes. The herd. Volume II. The first volume. - Almaty: "Alash", 2006. - p. 424.
4. Gumilev L.N. I pray for the eastern dawns, and only grieve for the western ones // Izvestiya, 2001. September 28.
5. Belyavsky V. A. Ethnicity in the ancient world // Reports of departments and commissions of the Geographical Society of the USSR. L., 1967. Vyp. 3; Shennikov A. A. About the concept of

"ethnographic complex" // Reports of departments and commissions of the Geographical Society of the USSR. L., 1967. Vyp. 3;

6. Gumilev, L.N. "Ancient Turks." Nauka, Moscow, 1967. P. 7.

7. Gumilev, L.N. "The Origin of the Kazakh Ethnos." Eurasianism and Kazakhstan: Proceedings of the Eurasian Scientific Forum "Gumilev Readings." Vol. 1. Astana, 2003. P. 266.

Л.Н. ГУМИЛЕВ: СУЩНОСТЬ И ЗНАЧЕНИЕ ЕГО НАУЧНЫХ КОНЦЕПЦИЙ

Калменова Б. Т.

Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан

e-mail: bakhytgul.kalmenova@bk.ru

Аннотация. Жизнь выдающегося русского учёного и мыслителя XX века Л.Н. Гумилёва полна важнейших фактов. Л.Н. Гумилёв уделяет особое внимание исследованию социально-философских аспектов понятия «этногенез». В нём Л.Н. Гумилёв раскрывает проблемы философии истории, которую он считал общеэтнической в своей основе. Л.Н. Гумилёв уделяет особое внимание исследованию социально-философских аспектов понятия «этногенез». В нём Л.Н. Гумилёв раскрывает проблемы философии истории, которую он считал фундаментально этнической в целом. Уточнённые в контексте науки XX века. Лев Гумилёв сосредоточился на феномене этноса как на первичном (базовом) понятии, стремясь раскрыть сущность, причины, механизм и этапы процесса этногенеза. Центральной идеей, предложенной учёным для объяснения всего процесса этногенеза, стала его концепция пассионарности. Центральной идеей, предложенной учёным для объяснения всего процесса этногенеза, стала его концепция пассионарности. Несмотря на многочисленные препятствия и трудности, а также длительное игнорирование и подавление новых идей Льва Николаевича, научно-философские концепции учёного получили признание исследователей и широкой научной общественности как в нашей стране, так и за рубежом в постсоветский период.

За годы пребывания в ГУЛАГ-е Л.Н. Гумилёв привёз с собой несколько научных статей и рукописи двух монографий, одна из которых, «Древние тюрки XI–XIII веков», стала его докторской диссертацией по историческим наукам, которую он с отличием защитил в 1961 году. Его величайшим вкладом в научные исследования стала радикальная новация концепции самобытности и значимости тюрко-монгольской культуры. Он первым в советской науке подверг критике господствовавшую в то время «чёрную легенду» о европоцентричном монголо-татарском иге и извечной вражде кочевников и земледельцев.

На этой основе Гумилёв анализировал образную концепцию природного братства русского народа с тюркскими и монгольскими народами. В конечном счёте, мысли учёного оказались не только близки евразийскому направлению русской философской мысли за рубежом, но и стали, по сути, последним классическим представителем этой школы.

Ключевые слова: этнос; концепция этногенеза; страсть; философия истории; этническая история; исторический материализм.

L.N. GUMILYOV: THE ESSENCE AND SIGNIFICANCE OF HIS SCIENTIFIC CONCEPTS

Kalmenova B.

Astana Medical University, Astana, Kazakhstan

e-mail: bakhytgul.kalmenova@bk.ru

Annotation. The life of L.N. Gumilev, an outstanding Russian scientist and thinker of the XXth century, is full of the most important facts. L.N. Gumilev focuses on the study of the socio-philosophical aspects of the concept of "ethnogenesis". In it, L.N. Gumilev explains the problems of

the philosophy of history, which he considered fundamentally ethnic in general. L.N. Gumilev focuses on the study of the socio-philosophical aspects of the concept of "ethnogenesis". In it, L.N. Gumilev explains the problems of the philosophy of history, which he considered fundamentally ethnic in general. Refined in the context of science in the XXth century. Lev Gumilev focused on the phenomenon of ethnos as the primary (basic) concept, aiming to reveal the essence, causes, mechanism, and stages of the process of ethnogenesis. The central idea proposed by the scientist to explain the entire process of ethnogenesis was his passionarity concept. The central idea proposed by the scientist to explain the entire process of ethnogenesis was his passionarity concept. Despite numerous obstacles and difficulties, as well as the long-term ignorance and suppression of Lev Nikolaevich's new ideas, the scientist's scientific and philosophical concepts were recognized by researchers and the wider scientific community both domestically and abroad in the post-Soviet period.

During his years in the GULAG, L.N. Gumilev brought with him several scientific articles and manuscripts of two monographs, one of which, entitled "The Ancient Turks of the VIth-VIIIth Centuries," became his doctoral dissertation in historical sciences, which he defended with honors in 1961.

His greatest contribution to scientific research was his radical innovation of the concept of the authenticity and significance of Turkic-Mongol culture. He was the first in Soviet science to criticize the then prevailing "black legend" about the Eurocentric Mongol-Tatar yoke and the eternal enmity between nomads and farmers.

On this basis, Gumilev analyzed the visual concept of the natural brotherhood of the Russian people with the Turkic and Mongolian peoples. Ultimately, the scientist's thoughts were not only close to the Eurasian current of Russian philosophical thought abroad, but also became, in fact, the last classical representative of this school.

Keywords: ethnos; concept of ethnogenesis; passion; philosophy of history; ethnic history; historical materialism.